

Мектеп жанындағы «Достық мекені» жазғы демалыс лагерінің жұмысы туралы есеп

2025-2026 оқу жылы

Мектеп жанындағы «Достық мекені» жазғы демалыс лагері 2026 жылдың 01 маусымы мен 12 маусымы аралығында жұмыс жүргізді. Лагерь жұмысының мақсаты – оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, бос уақыттарын мазмұнды өткізу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру және достық қарым-қатынасты нығайту болды.

Лагерь жұмысына бастауыш сынып оқушылары қатысып, күн сайын тәрбиелік, танымдық, спорттық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

01.06.2026 ж. – Лагерьдің ашылу салтанаты

Лагерь жұмысы «Достық мекені» жазғы демалыс лагерінің ашылу салтанатымен басталды. Балалар қабылданып, топтарға бөлінді. Танысу шаралары өткізіліп, лагерьдегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Оқушылар аудандық мерекелік іс-шараға қатысып, салтанатты жиын мен «Ән шашу» бағдарламасына белсенді қатысты.

Балалардың шат күлкісі мен қуанышқа толы жүздері – әр мерекенің ең әдемі көрінісі! 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Сергеевка қаласында ерекше мерекелік іс-шара өтті. Бұл күн балаларға көтеріңкі көңіл-күй, ұмытылмас әсер мен жарқын эмоциялар сыйлады.

Мереке барысында талантты жас өнерпаздар Амантай Аяна мен Сайлаубай Нұрай өз өнерлерін паш етіп, көрермендердің ыстық ықыласы мен зор қошеметіне бөленді. Олардың әсем өнері мерекенің көркін арттырып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Балалар – біздің болашағымыз, ең асыл қазынамыз. Әрбір баланың балалық шағы бақытқа, қуанышқа және мейірімге толы болсын! Барша бүлдіршіндерді мерекемен құттықтаймыз!

Балалардың күлкісі ешқашан үзілмесін, армандары асқақтап, қанаттары талмасын!

<https://www.facebook.com/share/p/1CxjvXBXKp/>

02.06.2026 ж. – «Достық» күні

«Дос болайық, бәріміз» тақырыбында өткізілген күні балалар достық ұғымының маңызын талқылап, халықтар арасындағы татулық пен бірлік туралы әңгімелесті. Киіз үй макетін жасап, шығармашылық жұмыстар орындады. Қимылды ойындар арқылы өзара қарым-қатынастарын нығайтты.

Жазғы сауықтыру лагерінің екінші күні 🌞«Достық!» күні 🌞

Бүгін балалар үшін «Дос болайық, бәріміз» атты қызықты әрі танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

📌 Бағдарлама барысында:

✅ Қабылдау жүргізілді;

✅ Көңілді бой жазу жаттығулары орындалды;

✓ «Достық деген не?» тақырыбында әңгіме өрбіп, халықтар арасындағы достық пен татулық туралы пікір алмастық;

Іс-шараның мақсаты – балалардың достық, сыйластық, бірлік туралы түсініктерін қалыптастыру, өзара қарым-қатынасты нығайту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Достық – татулықтың, бірліктің және бақытты болашақтың негізі!



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0f9BEDeEkPCGn93DgHPa6GDGpxLsPasntQTXM3pvVUcd55BAy4D5K4GHR8P6Bv7Gxl&id=100036476761763&mibextid=Nif5oz

03.06.2026 ж. – Ұлттық мұра күні

Оқушылар қағаздан және фетрден домбыра жасап, қазақ халқының мәдениетімен танысты. Қазақ халық ертегілерін оқып, интерактивті тақтадан тамашалады. Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдап, сүйікті әндерін орындады.

♪ Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат! ♪

Бүгін балаларға арналған танымдық-шығармашылық іс-шара ұйымдастырылды.

- ✓ Қатысушыларды қабылдау жүргізілді;
- ✓ Көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру мақсатында бой жазу жаттығулары орындалды;
- ✓ Балалар қағаз бен фетр материалдарын пайдаланып, ұлттық аспабымыз – домбыраны құрастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытты;
- ✓ Топтарда қазақ халық ертегілері оқылып, интербелсенді тақта арқылы ертегілер тамашаланды;
- ✓ Ертегі кейіпкерлерін бейнелеу арқылы балалар өз қиялдарын шыңдап, актерлік шеберліктерін көрсетті.

Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қазақ ертегілері арқылы рухани тәрбие беру. Балалардың белсенділігі мен қызығушылығы ерекше қуантты!



<https://www.facebook.com/share/r/1GcXCY5Pa2/>

04.06.2026 ж. – «Киіз үйлі ауыл» шығармашылық күні «Рәміздер күні»

Бұл күні оқушылар ұлттық қолөнер түрлерімен танысты. Киіз басу, ою-өрнек жасау, қамшы өру жұмыстары көрсетіліп, балалар шығармашылық жұмыстар орындады. Іс-шара ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

📷 «Киіз үйлі ауыл» шығармашылық алаңы

Бүгін оқушыларымыз ұлттық құндылықтарға негізделген қызықты іс-шараларға қатысты.



🎨 Бой жазу жаттығуларын жасап, сергіп алды.

🏇 Киіз басу өнерімен танысты.

🌿 Әдемі ою-өрнектер жасап көрді.

🐎 Қамшы өрудің қыр-сырын үйренді.

👤 Қимылды ойындарға қатысып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

🇰🇿 Ұлттық мұрамызды дәріптеуге бағытталған бұл күн балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, салт-дәстүрге деген қызығушылықтарын арттырды.

🖼️ Күннен естелік суреттер

[#КиізҮйліАуыл](#) [#ЖазғыАлаң](#) [#ҰлттықКүндылықтар](#) [#Қолөнер](#)

[#БалаларШығармашылығы](#)



<https://www.facebook.com/share/v/14ac27scJr9/>

«Рәміздер күні»

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні

Жазғы сауықтыру лагері аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналған танымдық және тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейту, олардың бойында патриоттық сезім мен Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Бағдарлама барысында:

- ◆ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні салтанатты түрде орындалды;
- ◆ «Біздің Ту», «Біздің Елтаңба», «Біздің Әнұран» тақырыптарында білгірлер сайысы ұйымдастырылып, балалар өз білімдерін ортаға салды;
- ◆ «Мен өз Отанымды мақтан етемін» атты суреттер мен эсселер сайысы өткізіліп, қатысушылар шығармашылық қабілеттерін көрсетті;

Іс-шара барысында балалар мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңызын терең түсініп, еліміздің тарихы мен тәуелсіздігіне деген құрметтерін білдірді.

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың мақтанышы, тәуелсіздігіміздің нышаны. Оларды құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті парызы.

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтаймыз!

Еліміздің көк Туы әрдайым биікте желбіреп, Әнұранымыз асқақтай берсін!

[#МемлекеттікРәміздерКүні](#) [#ЖазғыЛагерь](#) [#БізБіргеміз](#) [#МеніңОтанымҚазақстан](#)



<https://www.facebook.com/share/v/14gAaiCgG2Z/>

05.06.2026 ж. – «Салауатты өмір салтын ұстанамыз!»

Оқушылар тоғызқұмалақ ойынын ойнап, ұлттық ойындарға қатысты. «Бес асық», «Орамал тастау» ойындары ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталды.

«Салауатты өмір салтын ұстанамыз!» күні

«Достық мекені» жазғы демалыс лагерінде «Салауатты өмір салтын ұстанамыз!» атты спорттық-танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара балаларды қабылдаудан және көңілді бой жазу жаттығуларынан басталды.

Оқушылар денсаулықтың маңызы, спортпен шұғылданудың пайдасы туралы әңгімелесіп, белсенді демалыстың адам өміріндегі рөлі жөнінде пікір алмасты.

Күннің негізгі бөлігінде ұлттық ойындар мен зияткерлік сайыстар өткізілді. Балалар қазақ халқының ұлттық мұрасы саналатын «Тоғызқұмалақ» ойынын ойнап, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдады. Сонымен қатар «Бес асық» және «Орамал тастау» «Арқан тартыс» ойындары ұйымдастырылып, қатысушылар ептілік пен шапшаңдықтарын көрсетті.

Мақсаты – оқушылардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Осындай мазмұнды іс-шаралар арқылы балалар тек демалып қана қоймай, өздерінің күш-жігерін, ұйымшылдығын және спорттық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алды.

[#ДостықМекені](#) [#ЖазғыЛагерь2026](#) [#СалауаттыӨмірСалты](#) [#ҰлттықОйындар](#)
[#Тоғызқұмалақ](#) [#БізСпорттыЖаксыКөреміз](#)



<https://www.facebook.com/share/p/1ASwF1HBhm/>

08.06.2026 ж. – «Тыныштық аумағы»

Балаларға тәрбиелік мәні бар мультфильмдер мен фильмдер көрсетілді. Көрген туындылары бойынша сурет салып, өз ойларымен бөлісті. Қимылды ойындар арқылы көңілді демалыс ұйымдастырылды.

2026 жылдың маусым айының 8-і күні Қаратал орта мектебінде “Тыныштық аумағы” атты іс-шара жүргізілді. Бұл іс-шараның мақсаты кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және оқу мәдениетін қалыптастыру.

Іс-шара барысында мектеп ауласында «Тыныштық аумағы» ұйымдастырылды. Арнайы көрпелер төселіп, балаларға жайлы орта жасалды. Қатысушылар өздері таңдаған кітаптарды оқып, тыныштық пен кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы пікір алмасты. Іс-шара кезінде балалар белсенділік танытып, кітап оқуға қызығушылықтарын көрсетті. Тыныш әрі қолайлы орта балалардың назарын кітапқа аударып, олардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етті.

“Тыныштық аумағы” іс-шарасы өз мақсатына жетті. Балалар кітап оқудың пайдалы екенін түсініп, бос уақыттарын тиімді өткізді. Мұндай іс-шараларды алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізу ұсынылады.

<https://www.facebook.com/share/p/1RnUpiahrR/>

09.06.2026 ж. – «Кел, балалар, оқылық!»

Оқушылар кітапханадан кітаптар алып оқыды, әр ұлттың ертегілерімен танысты. Педагог-психологтың ұйымдастыруымен «Таныстыру» тренингі өткізіліп, балалардың қарым-қатынас жасау дағдылары дамытылды. «Түрлі-түсті арман» тақырыбында асфальтқа сурет салу байқауы ұйымдастырылды.

«Кел, балалар, оқылық!» – әр ұлт ертегілерімен танысу

09.06.2026 жылы мектеп жанындағы жазғы алаңда «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында танымдық және дамытушылық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әртүрлі халықтардың ертегілері арқылы дүниетанымын кеңейту және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Күн бағдарламасы балаларды жылы қарсы алудан басталды. Одан кейін қатысушылар бой жазу жаттығуларын орындап, сергек көңіл күй қалыптастырды. Әдеби кітаптарды оқу барысында оқушылар әр ұлттың ертегілерімен танысып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәні туралы пікір алмасты.

«Таныстыру» тренингі кезінде балалар өздерін таныстырып, бір-бірімен жақынырақ араласып, достық қарым-қатынас орнатты. Сонымен қатар, «Түрлі-түсті арман» атты шығармашылық бөлімде оқушылар асфальтқа сурет салып, өз қиялдары мен армандарын бейнеледі. Әрбір сурет балғындардың шығармашылық ой-өрісі мен ерекше көзқарасын көрсетті.

Іс-шара барысында оқушылар кітапханадан кітап алып, қызығушылықтарына сәйкес шығармаларды оқыды. Бұл олардың бос уақытын тиімді өткізуіне және кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етті.

[#ЖазғыАлаң2026](#) [#КелБалаларОқылық](#) [#КітапОқу](#) [#БалаларДемалысы](#)
[#Шығармашылық](#) [#МектепӨмірі](#)



<https://www.facebook.com/share/v/1Ca7RzL1Cn/>

10.06.2026 ж. – «Туған жерім, тал бесігім!»

Табиғат аясында серуен ұйымдастырылып, оқушылар туған өлкенің табиғатымен танысты. Жұмбақтар шешіліп, ұлттық ойындар өткізілді. Балалар табиғат көріністерін қағаз бетіне түсіріп, шығармашылық жұмыстар жасады.

🌱 «Табиғат аясында» топсеруені

📅 «Туған жерім, тал бесігім!» шығармашылық күні

Бүгінгі күн оқушылар үшін ерекше әсерге толы болды. Күннің алғашқы бөлігінде балаларды қабылдау жүргізіліп, көтеріңкі көңіл күй қалыптастыру мақсатында бой жазу жаттығулары орындалды.

Табиғат аясындағы топсеруен барысында оқушылар туған өлкенің әсем табиғатымен танысып, қоршаған ортаны бақылап, табиғатты аялау туралы әңгімелесті. Серуен кезінде қызықты жұмбақтар шешіліп, балалардың ойлау қабілеті мен тапқырлығы дамытылды.

Сонымен қатар ұлттық ойындар ұйымдастырылып, оқушылар ептілік пен шапшаңдықтарын көрсетті. Жүгіру сайыстары өткізіліп, белсенді демалыстың маңызы түсіндірілді.

Шығармашылық бөлімде балалар өздеріне ұнаған табиғат көріністерін қағаз бетіне түсіріп, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін сурет арқылы жеткізді.

Күннің басты мақсаты – оқушылардың туған өлкеге деген құрметін арттыру, табиғатты қорғауға баулу және шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.



<https://www.facebook.com/share/v/1JHrRuHBED/>

11.06.2026 ж. – «Кім алғыр?» спорттық жарыс күні

Оқушылар арасында спорттық жарыстар мен түрлі сайыстар өткізілді. Балалар ептілік, шапшаңдық және ұйымшылдық қасиеттерін көрсетті. Қозғалмалы ойындар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жүргізілді.

11 маусым күні мектеп жанындағы жазғы лагерьде «Спорт күні – Кім алғыр?» атты қызықты спорттық іс-шара өтті. ☐ ☐ ☐

Балалар әртүрлі эстафеталық жарыстарға қатысып, доппен және шығыршықпен тапсырмалар орындап, арқан тартыс ойынында бақтарын сынады. Әр қатысушы шапшаңдығы мен ептілігін көрсетіп, өз командасына қолдау білдірді.

Іс-шара барысында балалар көтеріңкі көңіл күйге бөленіп, достық пен ұйымшылдықтың маңызын түсінді. Осындай спорттық ойындар жас ұрпақтың денсаулығын нығайтып, белсенді өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Дені сау ұрпақ – еліміздің жарқын болашағы!»

<https://www.facebook.com/share/p/183WjbBcx9/>

12.06.2026 ж. – Қоштасу күні

Бүгін лагерьдегі ең әсерлі әрі жүрекке жылы күндердің бірі – «Қош бол, Достық мекені!» атты қоштасу күні өтті.

☐ Балалар «Достық мекені» тілек бұрышына суреттер салып, бір-біріне және лагерьге арналған ақжарма тілектерін жазды. Әрбір жазылған тілек пен салынған сурет достықтың, қуаныштың және ұмытылмас естеліктердің белгісіне айналды.

✳️ ☐ Топ ішінде ұйымдастырылған «Әрқашан күн сөнбесін» тілек айту сағатында балалар лагерьден алған әсерлерімен бөлісіп, бір-біріне ізгі ниеттерін білдірді. Балалар лагерь туралы суреттер салып, шығармашылық жұмыстарын таныстырды.

Белсенді қатысушылар марапатталып, олардың жетістіктері ерекше атап өтілді.

Мерекелік шара әсем әндермен жалғасып, барша қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Өткен әрбір күн балалар жүрегінде мәңгі сақталатын жарқын естелік болып қала береді. Қош бол, Достық мекені! Қайта қауышқанша!



<https://www.facebook.com/share/v/1H3VFtbvcS/>

Қорытынды

«Достық мекені» жазғы демалыс лагері белгіленген жоспарға сәйкес толық көлемде жұмыс атқарды. Лагерь барысында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, достық қарым-қатынасты нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, шығармашылық қабілеттері дамыды. Балалар жазғы демалыстарын қызықты әрі пайдалы өткізді. Лагерь өз мақсатына толық жетті деп есептеледі.

Күні: 12. 06. 2026 жыл